



010000, Астана к., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94
№

04.01.2024 № 1 ге

010000, г. Астана, ул. Бейбітшилик, 11
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

**Тұрақты комиссияның
2024 жылғы 7 ақпандығы
қаулысы**

**Білім беру саласында
сұранысқа ие кадрларды
даярлау қажеттілігін
зерделеу үшін еңбек
нарығын талдау. Білім беру
қызметтері нарығын
дамыту перспективалары**

Бланк сериялық номірдің жаһамсыздық
бланк без серийного номера не действителен

Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы (бұдан әрі - Тұрақты комиссия) білім беру саласында сұранысқа ие кадрларды даярлау және білім беру қызметтері нарығын дамыту перспективалары туралы ақпаратты тыңдалап және талқылай отырып, мыналарды атап өтеді.

Қазіргі уақытта елорданың білім беру саласында 21 159 педагог маман жұмыс істейді, оның ішінде мемлекеттік жалпы білім беретін мектептерде – 12 277.

Үлттық білім беру деректер қорына сәйкес педагогтерге қажеттілік 91 адамды құрайды. Бүгінгі таңда орыс тілінде сабак беретін бастауыш сынып мұғалімдері, математика, информатика, тарих, орыс тілі мен әдебиеті, физика, химия мұғалімдері мамандықтары бойынша кадрларға қажеттілік бар.

Сондай-ақ, арнайы педагогтар, педагог-психологтар, мектепке дейінгі үйымдарда тәрбиешілер қажет - 120 адам.

2027 жылы елорда оқушыларының контингенті - 330,0 мыңнан астам баланы, педагог мамандарға қажеттілік 3 487 адамды құрайтын болады деп болжануда.

Педагогтердің қажеттілігі мәселесін шешу мақсатында жыл сайын үш жоғары оқу орнында педагогикалық мамандықтарға Астана қаласы әкімінің гранты беріледі, олар: Еуразия гуманитарлық университеті, Л. Гумилев атындағы Еуразия үлттық университеті, Астана халықаралық университеті.

Болжамды деректер бойынша 2027 жылға дейін тұлектер саны 7 536 адамды (ақылы негізде білім алушыларды ескере отырып), оның ішінде 2024 жылы – 1 286, 2025 жылы – 1 620, 2026 жылы – 2 094, 2027 жылы 2 535 адамды құрайтын болады.

Кадр құрамын техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында педагогикалық мамандықтарға мемлекеттік білім беру гранттарын бөлу есебінен толықтыру жоспарлануда. Мысалы, 2027 жылға дейін грант бойынша 5 248, оның ішінде 2024 жылы – 1 286, 2025 жылы – 1 998, 2026 жылы – 1 092, 2027 жылы – 872 адам оқытылатын болады.

Сонымен қатар, тұрақты комиссия мынаны атап өтеді: «Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» ММ ақпараты бойынша, білім беру саласының 72 жұмыс берушісі еңбек ресурстарына қажеттіліктің болжамын ұсынып, орта мерзімді кезеңге кадрларға болжамды қажеттілікті айқындау тұрғысынан сауалнамаға қатысады. 2024 жылға білім беру саласындағы кадрларға болжамды қажеттілік 535 адамды құрады. Бұл ретте жұмыссыз ретінде тіркелген 8 адамғана 2023 жылы білім беру саласында оқытудан өтіп, кейінен жұмысқа орналастырылған.

Сондай-ақ, «Жайлыш мектеп» жобасы шеңберінде 24 мектептің салынуы білікті оқытушылардың тапшылығына әкеп соғуы мүмкін, осыған байланысты елорданың білім беру саласына білікті кадрларды тарту бойынша кешенді тәсіл талап етіледі.

«Астана қаласының Білім басқармасы» ММ тарапынан халыққа арналған оқыту курсары, репетиторлық және білім беру саласындағы өзге де қызметтер бойынша ақпарат ұсынылмады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТИ**:

1. Білім беру саласында сұранысқа ие кадрларды даярлау және білім беру қызметтері нарығын дамыту перспективалары туралы ақпарат назарға алынсын.

2. «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ:

оқытушылар құрамы тапшылығының алдын алу және мектептерде оқыту үшін жоғары білікті кадрларды тарту жөніндегі шарапалар кешенін әзірлеу;

Астана қаласы мәслихаты депутаттарының қатысуымен білім беру саласында сұранысқа ие кадрларды даярлау мәселелерін және білім беру қызметтері нарығын дамыту перспективаларын талқылау жөніндегі жұмыс тобын құру;

орта мектептерде оку-өндірістік комбинаттарды енгізууді жалғастыру;

жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып жұмысшы мамандықтарын даярлау және колледждердің 50%-ның дуалды оқытуға көшуі жөніндегі жоспарлар туралы ақпаратты мәслихатқа енгізу;

елорда мәслихатында мектепке тасымалдаушылар қызметінің таныстырылымын өткізу ді үйімдастыру;

жергілікті мектеп тұлектерін педагогикалық мамандықтарға оқуға түсуге ынталандыру бойынша бағдарлама әзірлеу;

елордада педагог мәртебесін одан әрі арттыру бойынша жоспарлы жұмысты жүзеге асыру;

елорданың білім беру қызметтері нарығын дамыту перспективалары туралы ақпарат беру;

«Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» ММ-мен бірлесіп, сұранысқа ие мамандықтарға оқыту бойынша білім беру қызметтерін көрсету форматын өзгерту ұсынылсын.

3. «Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» ММ-не жұмыссыз адамдарды білім беру саласында сұранысқа ие мамандықтар бойынша оқытумен қамтуды ұлғайту жөнінде шаралар қабылдау ұсынылсын.

4. Осы қаулының орындалуы бойынша ақпарат қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде берілсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы мәслихатының
әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссиясының төрағасы**

 А. Смагұлов